

қолайлы Осакаров, Нұра, Бұқар жырау, Ерейментау аудандарында тың көтеру саясатына байланысты жаңа совхоздар көптеп ұйымдастырылса, ал жері егін шаруашылығына қолайсыздау Ұлытау, Жаңаарқа, Шет, Ақтоғай, Қарқаралы аудандарында мал мен аздап егін шаруашылығына арналған совхоздар құрылған. Ал өндіріс орындары мол шоғырланған Абай ауданы жерінде жаңа подхоздар ұйымдастырылған. Бұл жай тұрғындар құрамына тікелей әсер еткен, егін шаруашылығына қолайлы өңірлерде орыс тілді тұрғындар мол шоғырланса, кейінгісінде аз қоныстанған. Ол алғашқы топтағы аудандарда орыс тілді атаулардың көптеп қойылуына жол ашқан.

Тың көтеру жылдарындағы келтірінді атаулар ана тіліндегі байырғы атауларды жойып жіберу мақсатын ұстанған. Осы жылдардағы партиялық саясат колхоздарды ірілендіру мақсатын сылтау етіп, жаңадан құрылатын совхоз орталықтарын елсіз мекендерге орналастырған, басшылық қызметтерге тек орыс тілділерді тағайындаған.

Әрине, базбір совхоз орталықтары тың көтеру жылдарына дейінгі елді мекен орнына орналасқанына қарамастан, әкімшілік ол мекендерге де орыс тіліндегі атаулар берген. Сондықтан да негізгі тұрғындар ондай мекендерді екі тілдегі атауларымен атай беруді дәстүрге айналдырған. Мысалы: Аңсар – Мраморный, Суыр – Калинин, Қотыр – Юбилейный, Ынтымақ – Самарское су қоймасы Тұзды – Новостройка тағы басқа. Әрине, қазіргі кезеңде бұл атаулардың басым тобы ұлттық үрдістегі ойконимдерге алмастырылған.

Орталық Қазақстан топонимдерінің кеңестік дәуір идеологиясына сәйкес үлкен өзгерістерге ұшырағаны ана тіліміздегі атаулардың осы кезеңде орыс тілі заңдылығына бұрмаланып, академик Ә.Қайдар тілімен айтқанда, «орыс тілі мәнеріне салынып» [10,153] кеткендігінен де көрінеді. Бұл жай орыстар көп қоныстанған солтүстік, шығыс, орталық өңірлерде молынан байқалады. Мысалы: Қалпақ – Колшак, Сораң – Сарань, Алты үй (Жалтыр) – Ялта т.б.

Міне, бұл жайлар ұлттық топонимдердің тарихи кезеңдердегі саяси-әлеуметтік идеологияға сәйкес бұрмаланып немесе жаңаша номинациялық жүйе құрайтынының жарқын дәлелі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Каз ССР. Краткая энциклопедия в 4-х томах. Т. 2. – Алма-Ата. – 608 с.
2. Попова В., Водчак Т.В. Отражение растительного мира в топонимах Казахстана//Тюркская ономастика. – Алма-Ата. Гл.Ред.КСЭ.,1984. – 608 с.
3. Масанов Н.А. Проблемы социально-экономической истории Казахстана на рубеже XVIII-XIX веков. – Алма-Ата,1984. –174 с.
4. Белецкий А.А. Принципы этимологических исследований. – Киев, 1950. – 312 с.
5. Джанузаков Т. Дж. Основные проблемы ономастики казахского языка. Автореф. дисс. на уч. степ. док. наук. – Алма-Ата. 1976. – 63 с.
6. Керимбаев Е.А. Лексико-семантическая типология оронимий Казахстана. – Алма-Ата., 1988. – 204 с.
7. Рысқалиқызы Ұ. Батыс Қазақстан облысы жер-су атауларының сөздігі. – Орал. 2001. – 172 б.
8. Рысбергенова К.К. Историко-лингвистический анализ топонимов Южного Казахстана. – Алматы: Ғылым, 2000. – 153с.
9. Мурзаев Э.М. География в названиях. – М.: Наука,1979. – 167 с.
10. Никонов В. А. Имя и общество. – М.: Наука,1974.
11. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: 1998. – 304 б.

Жуынтаева Зәмзәгүл Нағашыбайқызы

Филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

zamza_bota@mail.ru

ОРТА ТҮРКІ ДӘУІРІНДЕГІ ЕТІСТІКТІҢ ШАҚ КАТЕГОРИЯСЫНЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ

Тіл тарихының даму кезеңдерінің бірі орта түркі заманы немесе түркі тайпаларының тілдерінің даму, қалыптасу заманы деп аталады. Бұл кезең Х-ХҮ ғасырлар арасын қамтиды.

X-XVI ғасырларда қазақ тілінің рулық, тайпалық тілдер негізінде қалыптасу процесі жүрді. Алғашқы кезеңде рулық тілдердің өзара жіктелу, бір-бірінен ажырауы болса, кейін тайпалық одақтар шығып, қыпшақ тілі бірлестігінің қазақтың халық тіліне ұласуы, дамуы басталды [1, 12].

Түркі халықтарының рухани-мәдени, тарихи өмірінде XI-XII ғасырларда жасаған оқыл-ой мен білімнің төрт алып тұлғасы бар: М.Қашқари, Ю.Баласағұни, А.Йүгінеки және А.Иассауи [2, 4]. Біздің мақсатымыз орта түркі кезеңінде жазылған М.Қашқари еңбегіндегі етістіктің шақ категориясының қолданысын және олардың сипаттарын қарастыру болып табылады.

«Диуани лұғат ит-түрк» (Түркі тілдерінің сөздігі) 1072 жылдың қаңтарынан бастап 1074 жылдың 10 ақпанына дейінгі аралықта жазылған. Еңбектің түпнұсқасының бізге жетпегендігін айтады. Ғалым автор туралы біраз мәлімет келтіреді. Еңбек М.Қашқари заманындағы түркі тілдес халықтардың қоғамдық өмірі мен рухани дүниесінің алуан саласын қамтитын материалдарға толы. Онда тарихи-әлеуметтік жағдайларға, этнография мен әдеби мұраларға, мәдениет пен тіл ерекшеліктеріне, халық медицинасы мен материалдық ескерткіштерге, географиялық суреттеулер мен астрономиялық атауларға, ғылыми зерттеулерге, тағы басқа толып жатқан мәселелерге байланысты аса бай мәліметтер мен нақтылы мысал-фактілер келтірілген. Еңбектен грамматикалық ережелерді, халық ауыз әдебиетінің үлгілерін, өлеңдер мен жырларды, термелер мен жұмбақтарды т.б. толып жатқан тарихи құнды материалдарды кездестіруге болады [3, 23].

М.Қашқаридің «Диуани лұғат-ит түрк» еңбегі өз дәуірінде түркі ру-тайпалар тілін біріктіруде, оларды бір жүйеге түсіріп қалыптастыруда бірінші жол ашқан, тіл білімін өз алдына үлкен сала ретінде танытқан мәңгілік мұра болып есептеледі. Сөздікте орта ғасырдағы түркі ру-тайпаларының бәріне ортақ алты мыңнан астам төл сөз бен жеке тайпаларға қатысты диалект сөздер бар. Түркі тілдеріндегі етістіктер туралы біраз мәлімет берілген еңбек деп айтуға болады.

Түркі тілдері, оның ішінде, қазақ тілі грамматикалық шақ категориясына бай тілдерінің қатарынан орын алады. Ол түрлердің әрқайсысы белгілі бір шақтың әртүрлі мағыналық ретін білдіреді. Осы жағынан алып қарағанда, әртүрлі мағыналарды білдіретін белгілі бір грамматикалық шақ тілдің лексикалық жүйесіндегі көп мағыналы сөз тәрізді белгілі бір грамматикалық шақ та түрлі-түрлі грамматикалық мағыналарды білдіреді. Етістік сөз таптарының ішінде күрделі де қиын сөз табы екені белгілі. Әсіресе, шақ категориясы, оның түрлері мен жасалу жолдары туралы түрлі көзқарастар бар. Махмұт Қашқари бұл еңбегінде етістіктің барлық грамматикалық категорияларына түсінік берген. Грамматикалық категорияларды өзара салыстыра отырып, ғалым түркі тілдерінің морфологиялық ерекшеліктерін жеке немесе бірнеше тайпа тілдеріне ғана тән грамматикалық өзгешеліктерін атап өтеді.

Сөз болып отырған мұра тіліндегі етістік категорияларының ішінде шақ тұлғалары біршама көп вариантты болып табылады. Шақ тұлғаларының мән-мағынасы мен қолданылуы әркелкі болады. Қазіргі түркі тілдерінің бәрі қазақ тілінде қолданылатын шақ тұлғаларының грамматикалық мән тұрғысынан да, морфологиялық жағынан да, фонетикалық сипаты жағынан да белгілі дәрежеде М.Қашқари келтірген тұлғалармен байланысты.

Етістік – тарихи категория, олай болса шақ та етістікпен байланысты. Оны Орхон-енисей ескерткіштерінен, XI ғасырдағы әдеби жазба мұралар тілінен көруге болады. «Диуани лұғат ат-түрікте» етістіктердің шақ категориясының жасалуы және оның мезгілдік қатынасы анық байқалады.

Шақ категориясы етістіктің ең басты, негізгі категорияларының бірі болып саналады. Айналадағы қимыл-әрекеттердің барлығы да белгілі бір мезгілге қатысты жүзеге асырылады. Етістікті мезгіл ұғымына қатыстырмай, байланыстырмай жеке сөз табы деп санауға да,

анықтауға да болмайды. Шақ етістікті басқа сөз таптарынан ажыратып, ерекшелендіріп тұрады. Ол сонымен қатар тұлғалардың молдығымен де, күрделілігімен де ерекшеленеді.

М.Қашқари етістіктің түрленуін былай көрсетеді: «Екіншісі: іс-әрекет, қимылдың әлденеше қайталанғандығын, аяқталмағандығын білдіретін сипаттар. Бұл сипаттар барлық бөлімдерде, күллі түрік тайпаларында бірдей бұйрық райлы түрде көрінеді. Бұл сипаттың түзілімінде де қатаң дауысты «...– қ» әрпі келген түбірге «...– ғ», «...– к» әрпі келген сөз түбірге «...– г» әріптері жалғасады. Сонда сөз көп қайтара қайталанған іс-әрекетті білдіретін сипат «барған» «бар» бұйрық райынан «тұрған: тұрған» «тұр» бұйрық райынан жасалады. Мысалы: Ол ер ерге барған – Ол адам үйге барған (бараған, көп баратын. Ол ер ол ышларға тұрған – Ол ер ол істерге тұрған», «Ол адам дәйім іс үстінде тұрады» деген мағынада [4, 69-70]. Осы мысалдарға қарағанда автор түркі тілдеріндегі етістіктің түрлену (вид) категориясына сипаттама берген тәрізді, әрі іс-әрекеттің қайталанатындығын, аяқталмағандығын білдіріп тұрғандығын көрсетеді. Ғалым әрі қарай іс-әрекет істелерден бұрын-ақ оның атқарылмақшы екендігін білдіретін сипатқа тоқталады. Оны былай береді: «Бұл бұйрық райлы етістіктен жасамайды дей келе, түбірге «-ғсақ, -гсек» қосымшаларының қосылатынын айтады [4,72].

Іс-әрекеттің атқарылғандығын білдіретін анықтауыш (исми мефул) түрі бойынша бұйрықтың соңынан «-м» әрпі мен «-ш» әрпі қосылып жасалады (-мыш/-міш). Мәселен, Иа құр – Садақты құр» деген сөйлемдегі «құр» деген етістіктен істің істелгендігін білдіретін сипат жасағанда, «Құрмыш иа – Құрулы садақ» болып шығады [4,75]. –Мыш қосымшасының өткен шақты білдіретін қазіргі тіліміздегі –ды, –ді қосымшасының орнына қолданылатындығын айтады. «Бұлардың арасындағы айырма: өткен шақты білдіретін –ды, –ді қосымшасы айтушының іс-әрекетті өз көзімен көргендігінен, сол іс-әрекеттің куәсі болғандығынан хабар береді. «Барды» сөзінің мәні бойынша: «ол барды, оның барғандығынан, иә кеткендігін өз көзіммен көрдім» дегенді хабарлайды. «–мыш/міш, –мыс/міс» қосымшасы іс-әрекеттің айтушы болмаған уақытта, өткен шақта болғандығынан хабардар етеді. Айтушының өз көзімен көрмегендігін, аса анық еместігін аңғартады. «Ол бармыш – Ол барыпты, мен оның барғанын көре алмадым» деген тәрізді [1,75-76]. М.Қашқаридің осы пікіріне қарап, ғалымның етістіктің сипат категориясын меңзеп тұрғаны байқалады.

Осы еңбектің «Төрт әріптілер бөлімінде» етістіктердің төрт түрлі болатындығын айта келе, «... үшіншісі, негізінде өтімсіз етістік болып, бір іс-әрекеттің іс асуына аз қалғандығын, іс-әрекетті жүзеге асыруға ниет қойғандығын, әйтсе де етістіктің ыңғайы істің аз-аздап іске асатындығын білдіреді. Мәселен, Сув тамчарды – Су тамшылады, яғни бұлттан су аз-аздап тамшылады» деген тәрізді [4,282]. Ғалым осы бөлімде етіс категориясына да тоқталады. Ол етістікте іске басқа біреудің жәрдемдескендігін яки бәстесіп бәсекелескендігін білдіретіндігін, шын мәнінде істелмеген істі өзі істеп жатқандай етіп көрсету мағынасын білдіретіндігін, сондай-ақ істі бөгде ешкімнің көмегінсіз өзі атқарып жатқандығын аңғартатын етістіктерді көрсетеді. Бұл жерде ғалым өздік, өзгелік, ортақ, ырықсыз етістер туралы айтып тұрғандығын байқаймыз.

Автор «тұрұр» етістігі жайында былай дейді: бұл келер шақты білдіретін етістік. Өткен шаққа да, тұйық райлы етістікке де жатпайды. Мағыналық жағынан «тұр», «дүр» дегенді аңғартады. Мысалы: Ол таш тұрұр – Ол тас-тұр. Ол сөйлемде байланыстырушы жалғау қызметін атқарады [4,16]. Яғни бұл етістіктің шақ категориясын жасауға қатысатындығы қазіргі қазақ тілінде де бар.

Қимыл процестері ең алдымен шақ категориясы арқылы көрінеді. Етістік сөз табына қатысты қазақ тіл білімінде әлі де бір шешімін таппай келе жатқан мәселенің бірі – етістіктің көрініс (вид) категориясының формалары ретінде көрсетіліп жүрген бір топ қосымшалардың тілдік сипатымен байланысты. Аталған категорияға жатқызылып жүрген –қыла, -кіле, -гыла, -гіле; -мала, -меле; -ымсыра, -імсіре тәрізді жұрнақтар туралы әртүрлі пікірлер айтылған. Бұл қосымшаларды И.Ұйықбаев, А.Ысқақов т.б. ғалымдар сөз түрлендіретін форма ретінде

таныса, Б.Құлмағамбетова, С.Хасанов, Т.Әбдіғалиева, Қ.Қасабекова, Б.Шалабаева, Ы.Мамановтар сөз тудырушы жұрнақтар ретінде анықтайды [5,15].

Жалпы алғанда, түркітануда етістіктің қимылдың өту сипаты категориясы танылған, дегенмен, тілдік жүйедегі қимылдың жасалуындағы түрлі ерекшеліктерді білдіретін категорияны атауда терминдік бірізділік жоқ. Түркітануда қимылдың өту сипаты категориясы тек дәстүрлі грамматика тұрғысынан ғана емес, қолданымдық (функционалдық) грамматиканың да зерттеу нысаны бола бастады [6, 51].

Қимылдың өту сипаты категориясы етістіктің дербес категориясы ретінде түркітануда және қазақ тіл білімінде ХХ ғасырдың екінші жартысында ғана танылса да, қимылдың жасалуындағы түрлі ерекшеліктер түркі тілдерін зерттеушілердің назарына ертеден-ақ ілінген [6, 48]. Сондай-ақ алтай тіліндегі етістіктер жеке тұрып өздігінен қимылдың басталуы мен аяқталуы сияқты т.б. жай-күйді білдірмейтіндігін де ескертеді. Қимылдың басталуы, жалғасуы, аяқталуы (начала, продолжение, окончание действия) етістікке белгілі бір етістіктердің тіркесуі арқылы жасалатындығын көрсетеді [6, 49]. Автор қырғыз, өзбек, башқұрт тілдерінде осы категорияның бар екендігін айтады. Дегенмен, қарсы пікірдің бар екендігін де жасырмайды.

Қимылдың мезгіл аясында өту сипаты категориясының жалпы мағынасымен қоса, оның өзіне тән, ішкі мағыналары толып жатыр. Темпоральдық категорияның өзіне тән ішкі мағыналық ерекшеліктерінің бірі – белгілі уақыт мерзімінде қимылдың басталуы, ортаңғы кезеңі, тез, қысқа жасалуы, созылыңқылығы, қимылдың соңғы сатысының көрсеткіштері, мерзім ішіндегі болған оқиғаның тиянақтылығы, тиянақсыздығы, аяқталғандығы, аяқталмағандығы, нақтылығы мен күмәндылығы және эмоционалды-экспрессивті, т.б. белгілері. Сондықтан да етістіктің шағы мен көрінісі темпоральдылықты анықтай түсуге әсер етеді. Қазақ тіл білімінде көрініс категориясы бар деп арнайы еңбек жазған – ғалым И.Ұйықбаев. Ол қазақ тілінде қимылдың жасалу қалпына қарай көрініс аяқталған, аяқталмаған күйді білдіретіндігін, олардың іштей бірнеше реңкті болып келетіндігін айта келіп, былай деп көрсетеді: «Аяқталған көрініс қимылдың тиянақтылығын, шапшандығын, бағытын, басталғанын, жете болғанын, жолжөнекей жасалғандығын, жалған істі, немқұрайды жасалған істі, бір-ақ рет болған қимылды білдіреді» [7, 77].

М.Қашқари «Қағидалар, етістіктердің түрленуі мен сипаттардың баяны және олардың қолданылуы» деген тараушада етістіктер жайлы сөз қозғайды.

Етістіктен жасалған сипаттар түркі тілдерінің басым көпшілігінде, шігілдердің, тағы басқалардың тілінде етістіктің бұйрық райынан түзілетіндігін айта отырып, былай баяндап береді: «Өткен шақ етістігі барлық етістіктерге –ды/ді қосылып жасалады, бұдан еш танбайды. Тек қана, қатаң дыбысты д, п, т, ш, к, секілді әріптерге қосылғанда, д әрпі т әрпіне алмасады» [4,153].

Аталған мәселе жайлы жоғарыдағы мысалдардан анық көруге болады. Сөздіктегі өткен шақтағы етістіктерден бірер мысал келтіріп өтсек. Мәселен: көн сөзіне –ді қосылғанда, өзгеріссіз қалып тұр, ал төкді (төкті) сөзінде д әрпі т әрпіне ауысып тұр. Осындай алмасуға ұшыраған сөздердің бірнешеуін айтып өтсек: төкді (төкті), бүкді (бұқты), бөкді (бөкті), шапды (шапты), тепді (тепті), тапды (тапты), пішді (пішті), сашдым (шаштым), сашды (шашты), қашды (қашты), құшды (құшты), кесді (кесті), қысды (қысты), құсды (құсты), пышды (пісті), ташды (тасты, тасыды), түшді (түсті), сешді (шешті), қошды (қосты), жақды (жақты) шақды (шақты) сұқдым (сұқтым, кіргіздім), соқды (соқты), сықды (сықты), тікді (тікті), шекді (шекті), шөкді (шөкті), сөкді (сөкті) т.б.

Мысалдардан байқап отырғанымыздай, түркі тілінде өткен шақ жұрнағы –ды/ді қатаң дыбысты д, п, т, ш, к секілді әріптерге қосылғанда, д әрпі т әрпіне ауысады.

«Етістіктің келер шақ түрі барлық түрдегі етістіктерге р әрпі қосылу жолымен жасалады. Әгәрәкім, сөз түбірі р әрпімен аяқталып тұрса, оған тағы бір р әрпі қосылып, қайталанады. Оның бірі – түбір сөздегі р әрпі, екіншісі келер шақ етістігін жасаушы р әрпі болады.

Етістіктің келер шағын аңғартатын *p* әрпі араб тілінде етістіктің келер шағын білдіретін әліп I, т, н, и әріптері сияқты қызмет атқарады.

Егер сөз түбірінде *p* әрпі болмаса, етістіктің келер шағын жасау үшін бір *p* әрпі қосылады» [4,15], – дейді де етістіктің келер шағы мен бұйрық райы жасалатын қағидаларға тоқталады:

«Етістіктің өткен шақтағы түрінде *d* әрпінің алдында *p* әрпі болса, ол *p* әрпі сақталады. Өткен шақ етістігінің қосымшасы *d* мен *i* түсіп қалады да, түбірдегі *p* әрпі харакатсыз сақталады. Бұл сөз түбіріндегі – *p*. Осындай түрден етістіктің келер шақтағы түрін жасау үшін етістіктің түбіріне оның соңғы *p* әрпінен басқа тағы бір *p* әрпі қосылады. Егер, өткен шақ етістігі, не бұйрық райлы етістік *p* әрпіне аяқталмаса, келер шақ етістігін жасау үшін *p* әрпі қосылады» [4,54].

Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегінде етістіктің осы шағы туралы ештеңе айтылмаған. Сөздікте нақ осы шақтық мағына беретін сөздер көп кездеспейді. Тек мәсдар етістігі жайында ғана сөз болған. «Диуани лұғат ат-түрік» еңбегінде етістіктің болымсыз түрін білдіретін «емес», «жоқ» сөздері кездеседі. Мысалы, Кішік бұлұп йағыны йергү емес – Кішік болсын жауды елемей жарамас. Сондай-ақ ғалым XI ғасырдағы түркі тіліндегі болымды, болымсыз етістіктерінің жасалуындағы жақтық, шақтық, көптік ерекшеліктеріне де мән берген, анықтамаларының барлығы дерлік қазаргі қазақ тілі теориясымен сәйкес келіп отырады. «Сөздіктегі» келер шақ түрі екі түрлі тәсілмен жасалған:

1. - *p*, - *ip*, - *ыр*, - *үр*, - *ур*, - *ер*, -*ар*: тілар – іздейді.
2. - *ғай*, - *гей*, - *қай*, -*кей*: ол меңе келгей – ол маған келеді.

Н.Қазыбекұлы мақаласында ғалымның мына пікірін келтіреді: «Іс-әрекеттің келер шақта атқарылатынын білдіру үшін бұйрық райлы етістіктің соңына түбірінде *q* әрпі келеді, қатаң айтылатын сөздерде - *қай*, басқа жағдайларда - *ғай*, - *гей* қосылып жазылады. Сол секілді түбірінде *g* әрпі келген сөздерге *q* дыбысы да қосылады, – дейді [8,8]. Қазіргі қазақ тілінде келер шақтың бұл тұлғасы қолданылмайды.

Қорыта келенде, орта ғасырдағы етістіктің шақ категориясының түрлерін, жасалу жолдарын қазіргі қазақ тілімен салыстырғанда айтарлықтай айырмашылық жоқ. Орта ғасырдағы тіліміздің жай-күйін сипаттайтын М.Қашқари сөздігінен етістіктің шақ категориясы мен түрленуінде сабақтастық бар деп айтуға болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1 Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988. – 264 б.
- 2 Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. –Алматы: Мектеп,1971, –271 б.
- 3 Ескеева М.Қ. Түркі тілдері жүйесіндегі қазақ тілінің тарихи орны. – Астана: Кантана Пресс, 2011. – 420 б.
- 4 Қашқари М. Түрік сөздігі.Екінші том. – Алматы: Хант. 1997. – 528 б.
- 5 Шәріпжанова Ғ. Қазақ тілі морфологиясы жөніндегі ілімдердің қалыптасуы мен дамуы (Ы.Е.Маманов еңбектері негізінде).Фил.ғыл.канд.ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. – Алматы, 2007. – 27 б.
- 3 Бибекөв К.Т. Қимылдың өту сипаты категориясының түркітануда зерттелуі // Известия НАН РК. Серия филология. № 1. 2006. – 48-51 б.
- 7 Ұйықбаев И. Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктің көріністері. – Алматы, 1958.– 90.
- 8 Қазыбекұлы Н.Тіл ұлттың тірегі //Жалын.2008. - №8.–5 б.